



«Назар аударыңыздар!» ескертпе дабылдың ауызша ақпараты бойынша төтенше жағдайлар туындағанда немесе қауіп төнгенде ПОҚ, қызметкерлер мен студенттер әрекетінің тәртібі

Химиялық қауіпті нысандағы апат, жер сілкіну, су басу, радиациялық қауіп төнген кезде аумақтық азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар органдарынан дабыл және хабар алынғаннан кейін (мемлекеттік және орыс тілдерінде) күзет бөлімінің күзетшілері мен студенттер үйлерінің кезекшілері төмендегі мәтіндік хабарламаға сәйкес ауызша хабарлау жүйесі арқылы ақпарат беруі қажет.

Химиялық қауіпті нысанда ауаға хлор шығарылған апат кезінде.

«Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! Ауаға қатты әсер ететін зат - хлор шығарылған апат туындады». Ғимараттардың төменгі қабаттарында, жертөлелерде жасырынбаңыздар. Ғимараттардың жоғарғы қабаттарына көтеріліп, бөлмелердің терезелері мен есіктерін жабыңыздар, оларды ауа кірмейтіндей бітеніздер. Демалу мүшелерін қорғау үшін мақта-дәкеден жасалған байлауыштарды немесе басқа мақта маталарын қолданыңыздар. Жергілікті арналардың радио немесе бейнеқабылдағыштарын қосып, төтенше жағдайлар жөніндегі Департаментінің хабарламаларын немесе нұсқауларын күтіңіздер.

Химиялық қауіпті нысанда ауаға аммиак шығарылған апат кезінде.

«Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! Ауаға қатты әсер ететін зат - аммиак шығарылған апат туындады». Ғимараттардың жоғарғы қабаттарында жасырынбаңыздар. Ғимараттардың төменгі қабаттарына түсіп, бөлмелердің терезелері мен есіктерін жабыңыздар, оларды ауа кірмейтіндей бітеніздер. Демалу мүшелерін қорғау үшін мақта-дәкеден жасалған байлауыштарды немесе басқа мақта маталарын қолданыңыздар. Жергілікті арналардың радио немесе бейнеқабылдағыштарын қосып, төтенше жағдайлар жөніндегі Департаментінің хабарламаларын немесе нұсқауларын күтіңіздер.

Радиациялық қауіп төнген кезде.

«Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! Радиациялық қауіпті нысанда апат туындады». Радиоактивті жауын-шашанның болуы ықтимал, ғимараттарға немесе жертөлелерге кіріп жасырыңыздар, бөлмелердің терезелерін, желдету саңылауларыны мен есіктерін жабыңыздар, оларды ауа кірмейтіндей бітеніздер. Йодты дәрі-дәрмекті қабылданыңыздар. Демалу мүшелерін қорғау үшін мақта-дәкеден жасалған байлауыштарды немесе басқа мақта маталарын қолданыңыздар, терезе мен сыртқы қабырғаларға

жакындаманьыздар. Жергiлiктi арналардың радио немесе бейнекабылдағыштарын қосып, төтенше жағдайлар жөнiндегi Департаментiнiң хабарламаларын немесе нұсқауларын күтiнiздер.

Жер сiлкiну қаупi төнген кезде.

«Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! Жер сiлкiну қаупi!».


Барлық электр жабдықтарын өшiрiнiздер. 1-2 қабаттардағы адамдардың барлығы эвакуациялық жолдар арқылы ғимараттан шығыңыздар, тоқ жүретiн желiлерден ашық жерге алшақтап, жиналуға белгiленген орындарға барыңыздар. 3 немесе оданда жоғары қабаттардағы адамдардан барлығы iшкi қабырғалардың, бұрыштардың, есiк ойықтарының немесе қабырға тiректерiнiң жанындағы қауiпсiз орындарға жасырыңыздар. Терезе мен ауыр жиһаздың жанына жакындаманьыздар. Бiрiншi сiлкiнiстен кейiн 15-20 секунд iшiнде барлықтарыңыз дереу ғимараттан шығыңыздар. Басқа адамдарды құтқару үшiн көмек көрсетiнiздер. Университет әкiмшiлiгiнiң нұсқауларын орындаңыздар. Жергiлiктi арналардың радио немесе бейнекабылдағыштарын қосып, төтенше жағдайлар жөнiндегi Департаментiнiң хабарламаларын немесе нұсқауларын күтiнiздер.

Су басу қаупi төнген кезде.

«Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! Су басу қаупi!».

Барлық электр жабдықтарын өшiрiнiздер. Барлық құнды заттарды және құжаттарды шатыр астына, жоғарғы қабаттарға апарыңыздар. Университет әкiмшiлiгiнiң нұсқауларын күтiнiздер. Жергiлiктi арналардың радио немесе бейнекабылдағыштарын қосып, төтенше жағдайлар жөнiндегi Департаментiнiң хабарламаларын немесе нұсқауларын күтiнiздер.

АҚ және ТЖ штабының жетекшiсi



Ж. Жұмажанов